

2020-2021 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының есебі

2020-2021 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылды. Барлық жұмыс оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оның негізгі міндеті үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

2020-2021 оқу жылына арналған мектептің тәрбие жұмысының жоспары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде тәрбие тұжырымдамасына сәйкес құрылған, оның мақсаты өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бірыңғай көзқарасты қалыптастыру, іс-қимылдарды келісу және Қазақстан Республикасында балалар мен жастарды тәрбиелеу міндеттерін шешуде тәрбие процесінің барлық субъектілерінің сабақтастығын қамтамасыз ету, "Рухани жаңғыру" бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының бағыттарын айқындау болып табылады.


Тәрбие мақсаты мен одан туындайтын міндеттерді негізге ала отырып, жоспарда тәрбие қызметінің келесі бағыттары анықталды:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие жұмысының мұндай құрылымы мектептің барлық оқушыларын олардың бейімділігі мен қызығушылықтарын ескере отырып, қамтуға мүмкіндік береді, әр баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие жұмысының негізгі бағыты болып табылады, білім алушылардың бойында патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезім, төзімділік құндылығын, зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеу, өмірге деген құрмет сезімі қалыптасады.

Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес және Тұңғыш Президенті күніне орай Тәуелсіз елдің көшбасшысы», «Тәуелсіздік құндылықтары» онкүндік аясында ашық тәрбие сағаттары, байқаулары өткізілді.



1 желтоқсан- Тұңғыш Президенті күніне орай Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанынан құрылған "Jas Otan" ЖҚ ұйымдастыруымен 8-сынып оқушылары арасында "Елі сүйген, елін сүйген Елбасы" атты сайыс өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша Бас жүлдені 8б сынып оқушысы Башарова Дариға иеленді, I орын-Тасбулат Мадина, II орын-Блиспекова Жұлдыз, III орынды Манапов Қымбат иеленді. Сайысқа белсене қатысқан барлық оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды. «Ауған соғысында қаза тапқан ардагерлеріне тағзым» кездесулер, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 76 жылдығына арналған «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» тақырыбындағы Ерлік сабақтары ұйымдастырылды.

Құқықтық білім беруде заңсыз мінез-құлық үшін жауапкершілігі, «буллинг», «кибербуллинг», психикалық денсаулықтың, репродуктивті денсаулық тақырыбында сынып сағаттары, «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі, құқықтық сағаттар, «Зорлық-

зомбылықсыз балалық шақ» дөңгелек үстел, "Барлық адамдар әртүрлі, бірақ құқықтары бірдей» бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары ұйымдастырылды.



Адалдық пен парасаттылықты тәрбиелеу қазіргі білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Осы ретте, өскелең ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында «Шәкәрім өсиеті-Адалдық айнасы», «Мұқағали Мақатаев- Мәңгілік ғұмыр», «Әйтеке би: парасат биігі мен сөз құдіреті», «Ыбырай Алтынсарин – ұлы дала ағартушысы» тақырыбында Адалдық сағаттары, **«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» суреттер байқауы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны өткізілді.**



Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда «Жаныңда жүр жақсы адам», «Өмірін игі істерге арнаған адамдар» кездесулер, «Қайырымдылық жасампаз күш» адамгершілік-рухани мазмұндағы ғибратты әңгімелер айтарлықтай маңызға ие болды.

Жаңа оқу жылында Ұлы қазақ ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай іс-шаралар жалғасын тапты. Мектебімізге қазақтың ұлы ақыны Абай есімі берілуі іс-шарасы аясында Ақмола облысы әкімі Ермек Боранбайұлы бастамасымен мектеп ауласында "Абай аллеясы" бой көтерді.



Заман талабына сай жаңадан жабдықталған «Абайтану» кабинеті ашылып, «Абай әлеміне саяхат» әдеби-танымдық клубы өз жұмысын бастады, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Б. Муратов тағайындалды.



құндылықтар жүйесін



Рухани-танымдық қалыптастыру кітап оқу

барысында жүзеге асатыны анық. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Reading time» кітап оқу күні, «Мен оқыдым... және сізге кеңес беремін», «Үздік буктрейлерлер», «Кітаптағы сүйікті кейіпкерлеріңіздің суретін салып көріңіз», «Өзіңіе ұнайтын кітапқа жарнама жасаңыздар», «Бір ел-бір кітап» әдеби байқаулары ұйымдастырылды. «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасы аясында демалыс күндері "Еріктілік" бағыты бойынша "Асар", **“Күнделікті бір адамға жақсылық жаса”** челленджері, «Адамдарға қуаныш сыйла» акциялары бастамалары жүзеге асырылды.

Ұлттық тәрбие аясында құндылықтар жүйесін қалыптастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім-ұлт мақтанышы», «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында танымдық сағаттары өткізілді. Аталған бағыт шеңберінде оқушылар: «100 жаңа есім» жобасының қаһармандары, «Ұлы тұлғалар», «100 кітап» жобалары, «Тарих мұрасы», «Өз жерінді таны» (туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу) атты жобалары «Өлкетану» үйірме жұмыстары арқылы жүзеге асырылды.



Отбасы тәрбиесі бағытында



Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Мұғалім, мектеп және ата-ана бірлесіп жұмыс істегенде ғана «Бала тәрбиесі» өз жемісін берері анық.



Отбасы күнін мерекелеу аясында 2020 жылдың 7 – 13 қыркүйек аралығында «Отбасы – бақыт мекені» атты апталық ұйымдастырылды.

Мектеп пен ата-ана арасында қарым-қатынасты және түсіністіктің маңыздылығы арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында барлық сынып жетекшілер «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді, жалпы 164 ата-ана қатысты.



Ата-аналар жалпыадамзаттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие беру әрбір ата-ананың парызы деп шешімге келді. «Отбасы» құндылығының мәнін ашу арқылы, оқушыларда отбасы мүшелеріне құрмет, ата-анаға деген сүйіспеншілік, отбасындағы өзара сыйластық қасиеттерін дамыту мақсатында сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Отбасы-тәрбие көзі», «Отбасы-бақыт мекенім» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.



7-8 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті отбасым!» суреттер, «Менің отбасым - менің тірегім» шығармалар байқаулары өткізілді. Жалпы 42 оқушы қатысты. 8б сынып оқушысы Теміржан Жантемір, 8а сынып оқушысы Жұлдыз Блиспекова, 8а сынып оқушысы Айғаным Нұрмаш, 8б сынып оқушысы Гауһар Орынбаева, 7-сынып оқушылары Елубай Мәди, Әбіқан Әбілмансұр, Исламбекова Аружан, Касенова Дария, Дариға Башарова, Баян Даулетқызы, 9-сынып оқушылары Сайран Айдана, Әділбайқызы Ақбаян, Қайрат Мирастың жұмыстары үздік болып танылды. 8-9 сынып оқушылары арасында «Біз біргеміз!», «Мен отбасымен бақыттымын», «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында отбасылық байқаулар өткізілді. Қайролла Алихан, Ерғожа Мирас, Дулатова Алуа Блиспекова Жұлдыз, Сексенбай Аружан мен Гүлжан, Шайдулла Жандос, Албаев Альтаир, Алинұра Сулейменова, Даниярұлы Айбектің отбасылары ең белсенді болып танылды. 15 мамыр - Халықаралық Отбасы күніне орай сыныптарда «Менің сүйікті отбасым», «Менің отбасым – менің қорғаным!», «Отбасы бақыты-ұлт бақыты» ата-аналармен бірлесе тәрбие сағаттары, бейнероликтер, коллаждар байқаулары және ата-аналармен жеке әңгіме жүргізу үшін ата-аналар консилиумдары өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмысы мектеп түлектерінің болашақ мамандығын таңдауға арналған тиімді шаралардың бірі болып табылады. Осы бағытта 9-11 сынып оқушылары арасында сыныптан тыс экономикалық сананы көтерудің негізгі құралдары мен формаларына тақырыптық сынып сағаттары, пікірталастар, рөлдік ойындар және т.б. ұйымдастырылды. Мысалы 9-сыныптарда тәрбиешілер А.С. Хасенова, К.А. Аттегова «Жарнама жасау өнері», сынып жетекші С.А. Алпыспаева «Жаңа басшы нені білуі және



не істей алуы керек?» тақырыбындағы пікірталас өткізді. Оқушылар Л.Гумилев, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің онлайн және Ақан сері атындағы мәдениет колледжі мен медициналық университетінің ашық есік күндеріне қатысып, болашақ мамандықтары



туралы мәлімет алды.

«Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі А.А.Нурмашов «Адамзаттың ғаламдық проблемалары және оны шешу жолдары» атты тақырыбында экологиялық сағатын өткізді, Жас экологтар Наурызбай Мерей, Жұматай Саяна, Дулатова Алуа, Ким Камила, Башарова Дариға т.б. «Болашаққа жауаптымыз» экологиялық челленджіне және «Біздің экология үшін қосар үлесіміз қандай?» бейнероликтер байқауларына қатысып, белсенділік танытты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты – бұл оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған шаралардың кешені. «Дені сау ұрпақ-елдің болашағы» ұранымен қаңтар айынан бастап дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Амантай Шайхан, Ә.К.Ахметов сенбі, жексенбі күндері спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар және күнделікті волейбол, баскетбол, ұлттық ойындар секциялары бойынша жұмыс жасады.



Сынып жетекшілер тақырыптар бойынша «Денсаулық сабақтары», тәрбиешілер «Мен өз денсаулығымды сақтаймын-өз-өзіме көмектесемін», "Менің денсаулығым-менің

байлығым!» , «Спорт-біздің серігіміз», «Зиянды әдеттерге – жол жоқ!» тренингтер, флешмобтар өткізді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында апта сайын тәрбиешілер А.К. Ишанбаева, К.А. Аттетова, Г.К. Зарапова, А.А. Жахина т.б. Ойлан, ізде, тап! **квест**, «Білімді ұрпақ», «Кім білгір?», «Сөздік қорыңды тексер!», «Әнді тауып ал» тақырыбында танымдық зияткерлік ойындарын өткізді.



Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі



Мектеп-интернатында «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді. Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады.

Басқару құрылымы: Ұйым жетекшісі, Мектеп Ұланбасы, сынып Ұланбасылары, бөлімдер бойынша жауаптылар. Өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа ұрпақ» дебат, «Сырғалым» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды.

Мектеп қабырғасында «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелерінің саны жыл сайын артып келеді. «Жас Ұлан» ұйымы қатарында 178 жасұландықтар бар.

«Жас Ұлан» ұйымының көшбасшылары **«Жарқын болашақ», «Сүйікті мектебім» тақырыбында топтар арасында мектепшілік КВН**, «Жаңа ұрпақ» дебат көшбасшылары пікір-сайыс қозғалыстарының дамыту мақсатында турнирлер ұйымдастырады.



Тәрбие жұмысының көркемдік-эстетикалық бағыты мектептің тәрбие жұмысы жүйесінде жеке-бағдарлы тәсілді жүзеге асыруға ықпал ететін бірнеше бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

1. Басты шығармашылық істер.
2. Республикалық, облыстық конкурстарға қатысу.
3. Онлайн мұражайларға, экскурсияларды ұйымдастыру.
4. Мектепте үйірме жұмысын ұйымдастыру.

«Мектеп дәстүрі» бағытындағы жұмыстың негізгі мақсаты - мектеп дәстүрлерін сақтау және көбейту. Мектепте дәстүрлі түрде алғашқы қоңырау мерекесі, соңғы қоңырау мерекесі, мұғалімдер күні, жанажылдық мерекелер, 8-наурыз, Наурыз мейрамы, 1,7,9-мамыр мерекелеріне арналған іс-шаралар өткізілді.



Биыл заманына "XX ғасырдың Гомері", ғасыр ақыны, қазақ поэзиясының алыбы, жүз жыл жырлаған - Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тарихи-мәдени мұра» жобасы аясында мектеп оқушылары Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық мұражайына және 31 мамыр саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күніне "Тарихымыздың-ұрпақ ұмытыпайтын тағылымы" тақырыбында «Алжир» музейіне онлайн саяхат жасалды. Ұйымдастырған тәрбиеші Г.Қ.Зарапова.



Сыныптан тыс жұмысының тиімділігі

Сыныптан тыс келесі үйірме жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылады: көркемдік-эстетикалық, экологиялық, балалар мен жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру және дене шынықтыру-сауықтыру. Үйірме жұмыстары оқушылардың зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланады.



Үйірмелер жұмысы

Көркем-эстетикалық	Сәндік-қолданбалы	Техникалық	Экологиялық	Өлкетанушылық	Оқушылар саны
- Домбыра -Қылқалам - Театр және көркем сөз -Би	Ұлттық қолөнер	Робототехника	Жас эколог	Өлкетану	158

Спорттық секция жұмысы

Шахмат	Волейбол	Баскетбол	Қазақша күрес	Ұлттық ойындар	Оқушылар саны

1	1	1	1	2	142
---	---	---	---	---	-----

Жалпы алғанда барлық секциялар мен үйірмелерге қатысатын барлық оқушылардың саны 100% оқушыны қамтып отыр. Әрине, бұл оқушылардың ішінде бір оқушының бірнеше секциялар мен үйірмелерге қатар баруы да байқалады. Бұны оқушыларымыздың спорттық секциялар мен үйірмелерге едәуір қызығушылық танытуының арқасы деп білген жөн.

Мектеп оқушыларының жоғары деңгейге шығуы үшін конкурстарға қатысу ерекше маңызға ие. Осы конкурстарға қатысатын балалар жаңа дағдылар мен біліктерге ие болады және өз таланттарын мектептен тыс жерлерде көрсетуге мүмкіндік алады, бұл олардың ары қарай шығармашылық өсуіне оң әсер етеді және жоғары деңгейге шығуға мүмкіндік береді. ымен қатар, балалардың шығармашылық сайыстарға қатысуы мектеп рейтингінің көрсеткішіне әсер етеді. Жыл бойы мектеп оқушылары облыстық, республикалық шығармашылық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

2020-2021 оқу жылындғы шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары:

1. **«Абай әлеміне саяхат» онлайн байқауы**
I орын- Манапов Қымбат, жетекшісі Ахат А.Д.
2. Жалпы білім беру ұйымдарының ішінде желілік республикалық «Абай мектептері» оқушылары арасында композитор Кеңес Дүйсекеевтің 75 жылдығына орай өткен республикалық **«Сәлем, саған туған ел» ән байқауы**
Бас жүлде - Елешқызы Шұғыла, жетекшісі Е.А. Каратаев.
3. Жалпы білім беру ұйымдарының ішінде желілік республикалық «Абай мектептері» оқушылары арасындағы **«Ауылым-алтын бесігім» сурет байқауы**
Бас жүлде –Ким Камила, жетекшісі С.С. Шаяхметова.
4. **«Елбасы медалі» иегерлері:** Смагулов Бекзат, Ким Камила, Қайыркеш Айым Сулейменова Алинура, Акжанов Диас.
5. **«Менің кіші Отаным» жас тарихшылар интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі**
III орын- Сулейменова Алинура, жетекшісі Алпыспаева С.А.
Грамота -Ақболат Нұрдәулет, жетекшісі Әдей Жайнагүл.
6. **«Менің Отаныма – менің бастамам» облыстық сырттай шығармашылық жобалар байқауы**
II орын-Балатбек Малика, жетекшісі Әдей Жайнагүл
II орын- Билялова Малика , жетекшісі Әдей Жайнагүл
II орын-Адильбекқызы Аружан, жетекшісі Алпыспаева С.А.
III орын- Дулатова Алуа, жетекшісі Кайржанова М.Н.
7. **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған жас тарихшылар мен өлкетанушылар форумы**
I орын- Зарапова Аружан, жетекшісі Әдей Жайнагүл
I орын- Елешқызы Шұғыла, жетекшісі Әдей Жайнагүл.
II орын -Әділбекқызы Аружан , жетекшісі Алпыспаева С.А.
8. **Тұңғыш Президент күніне арналған жас тарихшылар мен өлкетанушылардың облыстық сырттай форумы-мектеп командасы I орын**
9. **«Бала би» шешендік өнер байқауы**
III орын- Дулатова А., Башарова Д., жетекшісі Даулеткалиева Т.Б.
10. **«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының кубогына арналған ашық облыстық онлайн пікір-сайыс турнирі**
I орын- Дулатова Алуа, Башарова Дариға, жетекшілері Кайржанова М.Н., Т.Б. Даулеткалиева.
11. **«Үздік Ұланбасы-2020» байқауы**
II орын- Төлеубаев Ильяс , жетекшісі Кайржанова М.Н.
12. **«Қазақстан эрудиті» танымдық - зияткерлік байқауы**

- Грамота- Даулетбаев А., жетекшісі Алпыспаева С.А.
13. **«Мен туберкулез бен коронавирус жайлы не білемін» онлайн-викторина**
II орын- Даулетбаев А., жетекшісі Жахина А.А.
14. **«Қымбат маған өмірім» ең үздік буклет байқауы**
III орын- Дулатова Алуа, жетекшісі Сембаева А.С.
Грамота –Албаев Алтаир, жетекшісі Жахина А.А.
Сайран Айдана, жетекшісі Атетова К.А.
Шогурмакова Адель, жетекшісі Зарапова Г.К.
Белгібай Әділ, Шамшат Берік, жетекшісі Хасенова А.С.
15. **«Мен еріктімін» смарт марафон акциясы**
III орын-Дулатова Алуа, жетекшісі Кайржанова М.Н.
16. **«Аулым алтын дiңгегiм» эссе байқауы**
III орын -Байқадам Жансұлу, жетекшісі Муратов М.Б.
III орын-Унгарова Оразгүл, жетекшісі Муратов М.Б.
17. **«Менің үздік волонтерлік тәжірибем» байқауы**
I орын –Дулатова Алуа
III орын- Башарова Дариға, жетекшісі Кайржанова М.Н.
18. **«Ұлт мұраты-Домбыра» байқауы**
III орын- Такенов Арман
19. **«Ән жырымның арқауы-Тәуелсіздік ән байқауы**
I орын –Елешқызы Шұғыла, жетекшісі Муратов М.Б.
20. **Облыстық Абай клубтары арасындағы «Үздік презентация» байқауы**
III орын- Әдеби-танымдық «Абай әлеміне саяхат» клубы, жетекшісі М.Б. Муратов.
21. **Облыстық «Ұлы дала сарыны» байқауы**
I орын- Сашкақызы Камила, жетекшісі М.Б. Муратов.
22. Ақмола облысының туризм басқармасы жариялаған қоғамдық туризм айлығы аясында өткен «Табиғатты қорға - Отанды қорға!» байқауының жеңімпазы А.Габдуллина.